



МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ КІТАБЫН ОҚУҒА ТЫЙЫМ САЛҒАН КІМ?

10-бет



АЗАТ ПЕРУАШЕВ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ТЕГІН ЖОЛ ЖҮРУДІ САҚТАП ҚАЛУДЫ ҰСЫНДЫ

4-бет



ҚЫЗЫЛҚҰМ, АЙНАЛАЙЫН, АТАМЕКЕН!

11-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№36 (802), 17 қыркүйек, 2018



БІЗДЕГІ ЖОЛДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

НҰРТАЙ САБИЛЬЯНОВ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН САПАСЫЗ ЖҮРГІЗГЕНДЕРДІ ҚАТАҢ ЖАЗАЛАУДЫ ҰСЫНДЫ



– Астана – Павлодар тас жолын пайдалануға беру мерзімі бірнеше мәрте бұзылғандықтан, бүгінгі күні 200 шақырымдық қана жол қозғалысы ашылған, алғашқыда жобаланып, қыруар қаржы жұмсалған жұмыстың жартысы да атқарылмаған. Жалпы алғанда бұл жол 5 жылдан астам уақыт салынып жатыр. Былтырдан бері жол салу бойынша 6 бірдей қылмыстық іс қозғалғанының өзі заңды өрескел бұзуды көрсетеді, – деді бұл мәселені бірінші болып көтерген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов.

3 бет

ҰЛЫ ӘНШІНІҢ БІР СӘТІ

– Ермек Бекмұхамбетұлы, сәлеметсіз бе? – деймін телефон соғып. – Ауру-сырқаудан саусыз ба? Көңіл-күйіңіз жақсы ма? – Әй, сен қайда жүрсің? – деп саңқ етті. – Жоғалып кеттің ғой! – Жүрміз. Өткендегі сұхбатты жаңа жылдан бастап қайта жалғастырамыз деп едік...

8-9 бет

ҚАЗАҚ ТІЛІ - НӨЛ!

Мемлекеттік қызмет үшін МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚҰНЫ ЖОҚ ПА??!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ КЕРЕГІ ЖОҚ БОЛСА, ҚАЗАҚ ТІЛІН КІМ, НЕ ҮШІН ҮЙРЕНЕДІ?!

5 бет



Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ: МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ ЛЕНИННІҢ ӨМІРІНЕ АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАҒА ДА БЕРІЛГЕН

6-7 бет

ПАРАДОКС: МНОЖЕСТВО ВУЗОВ, А В СТРАНЕ – БЕЗРАБОТИЦА!



«Готовим одних, экономика нуждается в других» – это вывод премьер-министра РК Бакытжана Сагинтаева на V съезде национальной палаты предпринимателей «Атамекен», который прошел 21 июня...

12 бет

МАГНАТ МИТТАЛҒА ЕЛБАСЫНЫҢ ЕСКЕРТУІ ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болып, өндірісті аймақтағы ірі кәсіпорындарды аралап, жергілікті халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен жақынырақ танысты. Облыс активімен кездесу кезінде президент өңірдегі өзекті топ тұрған экология, ауыз су, жылу мәселелерін шешу керектігіне баса тоқталды.

Президент Теміртауға марады жылу бере алмай жүрген «Арселор Миттал Теміртау» компаниясының басшыларына сынға алды. Өйткені, алып комбинат қана емес, қаланың басым бөлігі осы №2 жылу энергетикалық орталығына тәуелді. Егер станция тоқтап қалса тұтас қала жылусыз қалады. «Миттал мырзаға сәлем айта барыңыздар. Біздің Үкімет ол кісімен хабарласып бұл сұраққа жауап беруін талап ететін болады. Станцияның жұмысын шұғыл жаңарту қажет» — деген Елбасы өзі айтқан жылу-энергетикалық орталығына арнайы барып, жұмысшылармен жүздесіп, жылдар бойы жоспардан қалып келе жатқан жаңартуды тездету керектігін компания басшылығына қадап айтты. Өйткені, 60-ыншы жылдары салынған қазандық қуаты қалаға жетпей жатыр. Бұған 350 млрд. теңге қаржы қарастырған. Назарбаев



станцияларды жаңартумен қоса, экологиялық сұрақтарды да шешуді тапсырды. Қарағанды облысында жыл сайын ауаға 600 мың тонна зиянды заттар шығарылады. Бұл республика бойынша ауаға тарайтын зиянды қалдықтардың төрттен бір бөлігі.

Айта кетейік, шығын шығармай қалтасын қалыңдатуды ғана ойлайтын миллиардер Лакшми Митталдың еншісіне тигелі бұл алып кәсіпорынның басынан бұлт кеткен емес. Шахталарда болған апаттардан ондаған кеншілер тірідей қара жерге көмілді, айлап айлық бермей жұмысшыларын зар илетіп, кәсіпорын кеңсесінде өзін-өзі өртеуге дейін жеткізгені белгілі. Кезінде премьер-министр

болған Серік Ахметов облыс басшылары мен құқық қорғау орындарына компанияны жарты жыл бойы бүге-шүгесіне дейін жіті тексеріңдер деп тапсырма беріп өз басына бөле тілеп алғаны да аян. Тіпті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жұмысшыларды жақтап «Металлургтердің артында мен тұрмын!» деп ескерткені де Митталға маса шаққан құрлы әсер етпегенін білеміз. Қазақстанның байлығын сорып жатқан магнатқа қарсы қатал шара қолданатын кез жеткен сияқты. Алып кәсіпорынды алты айлық жерден, Лондонның төрінде жатып алып бақаратын Миттал мемлекет басшысының жолдаған дұғай сәлеміне бұл жолы не дерекен?..

ҚОҚЫСҚА ТАСТАЛҒАН ҚАРЖЫ

Қарағанды облысында қымбат тұратын ампельді шырайгүлдерге қатысты дау шықты. Елбасының келеріне арнап Теміртаудың саябағына отырғызылған гүлдер мәртебелі қонақ кете сала коқысқа тасталды.

Голландиядан аттай қалап алдырған гүлдер бірнеше күн ғана жайқалып тұрды. Бұларды Қарағанды қалалық саябақтарды басқару бөлімі Елбасы сапарының алдында Теміртауға арнайы берген екен. Ал президент кетісімен, шырайгүлдер түп тамырымен жұлынып, коқысқа жі-

берілді. Шенеуніктер асығыс отырғызылған гүлдердің саябақты жерсінбегенін айтады. Сондықтан, оның орнына басқаларын отырғызатын болыпты. Шетелден алынған бір түп гүлдің құны 450 теңге. Қоғамдық кеңес жылдың басында осы гүлдердің құнына қатысты наразылық білдірген еді. Соған қарамастан, жергілікті билік шырайгүлдерді сатып алуға бюджеттен 120 миллион теңгені еш ойланбастан бөле салған. Бұған не деуге болады? Біріншіден, халық қаржысын желге шашу. Екіншіден, көзбояшылық, басқа емес Елбасының өзін алдау болып табылады.

АЛМАТЫДА ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ

Қазақ Пен-клубы ұйымдастырған бұл шараға алыс-жақын 17 елдің белді каламгерлері жиналды.

Қазақ әдебиетінің көсегесін көгертуді мақсат тұтқан шара кез-келген тілді еркін түсіндіріп беретін аудармашылар отырса да, негізінен орыс тілінде жүргізілгені көптің көңіліне қылау түсірді.

Форумның мәртебелі қонақтарының қатарында 2019 жылғы әдебиет саласындағы Нобель сыйлығының номинанты Атанас Ванька, белгілі ақын-жазушылар Тарык Гюнерсель, Михаил Делягин, Владимир Кар-

цев, Януш Вишневский және тағы басқалар бар. Кездесудің негізгі тақырыптары — «XXI ғасырдың сын-тегеуріндері мен әдебиет» және «Ұлттық әдебиеттің жаһандануы». Тақырып өте өзекті.

Форумға қазақтың белгілі жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов те қатысты. Оның айтуынша, дәстүрлі оқырмандар қатары азайып барады. Сондықтан, мұндай заманда әдебиет сабақтарына көп көңіл бөлген дұрыс. Өйткені, әдебиет адамның рухани байлығы мен адамгершілігі, өнегелілігі адам зердесі мен ақыл-парасатының көрсеткіші болып табылады дейді жазушы.

КҮЗГІ ТАҒАЙЫНДАУЛАР БАСТАЛДЫ

Халық арасында жиі айтылып, көптен бері күтілген биліктің жоғары сатысындағы тағайындаулар басталды. Билікке келген жаңа есімдер аталмаса да, бұл ауыс-түйістің басы ғана дейді сарапшылар.

ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы болған Әділбек Жақсыбеков зейнеткерлікке шығып, оның ор-

нына Астана қаласының әкімі қызметін атқарып келген Әсет Исекешов тағайындалды. Сол сияқты Елбасының жарлығымен ҚР Қаржы министрі қызметінде болған Бақыт Сұлтанов миллионнан аса тұрғыны бар елордамыздың әкімі атанды. Белгілі қаржыгер бұрындар әкім болып көрмесе де енді алып қаланың шаруашылығымен айналысатын болады.

ҚАСЫМОВҚА ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ ӘЛІ КЕЛМЕПТІ

Бюджет қаражатын игере алмаған министрліктер анықталды. Астана қаласының әкімі болып тағайындалған Бақыт Сұлтанов соңғы рет қаржы министрі ретінде Үкімет отырысына қатысып үлгерді. Бұдан былай игерілмеген қаражат бірден кери қайтарылады. Премьер Қаржы министрлігіне осындай пәрмен берді.

Биыл да бюджеттің атқарылуы көңіл көншітпейді. Жылдың аяқталуына үш ай қалды. Ал кейбір министрліктер кемі 10 миллиардтаған қаржыны әлі ұқсатпаған. «Қазір дайындалып жатқан қайта қарау кезінде, игерілмеген қаржының бәрін кім сұраныс беріп жатыр, игеріп, жетпей жатқандарға ауыстыру керек» — деп Бақытжан Сағынтаев кесіп айтты. Сылбыр қимылдағандардың көш басында Қорғаныс министрлігі — 15,4 млрд. теңге, Ауыл шаруашылығы министрлігі — 10,9 млрд.



теңге, Мәдениет және спорт министрлігі — 11,1 млрд. теңге және Ішкі істер министрлігі 9,5 млрд. теңге қаржыны әлі жаратып үлгермеген. Ал Сағынтаевтың тіке қойған сауалына «Бақытжан Әбдірұлы, мына 4,5 млрд. теңге келісімшартта бар, оны қыркүйекке дейін орындаймыз», — деді сасқалақтаған Ішкі істер министрі Қ. Қасымов.

— Қыркүйекке дейін дегенде, қыркүйектің ішінде отырмыз ғой, қалай сонда? Бүгін міне 11-і. Кішкене бір өтірік айтқанда да дұрыстап айту керек қой, — деді премьер-министр. Бізде бюджет ақшасын ғана емес, ай-күнді де шатастыратын министрлер бар екен ғой...



ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ ӨЗГЕРТІЛДІ

Эталон орталығында ҚР ИДМ Техникалық реттеу және метрология комитеті басшысы Арман Шақалиевтің төрағалығымен Ғылыми-техникалық комиссияның отырысы болды. Оған Мемлекеттік елтанбаның авторы Жандарбек Мәлібеков, «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК басшылығы қатысты.

Отырыста «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» ҚР СТ 989-2014 стандартына енгізілетін №1 өзгерістерді мақұлдау туралы шешім қабылданды. Оған сәйкес, ұлттық стандарттың бүкіл мәтінінде «Қазақстан» сөзін латын графикасымен «QAZAQSTAN» етіп өзгерту, сондай-ақ ДЕ түстер диапозонын қолдану туралы өзгерістер енгізілетін болды.

Бұдан тыс, Мемлекеттік Елтаңбаның элементтері мен тарихын сипаттауға әдістемелік құралдарға сілтеме, Елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібеков жасаған конструкторлық құжаттама қосылды. Еске сала кетейік, өзгерістерді Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына сәйкес арнайы жасалған Жұмыс тобы әзірлеген.



ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВТЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Қазақстан Жазушылар үйінде қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі, белгілі жазушы Тәкен Әлімқұловтың 100 жылдық мерейтойына арналған журналистер арасында шахмат турнирі болып өтті.

Турнирді «Ақиқат» журналының бас редакторы, ақын Аманхан Әлім, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директорының орынбасары Ләззат Ноғайбаева ашып, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Есенғали Раушанов, Т.Әлімқұловтың жары Есімгүл Болысбайқызы жазушының шығармашылығы мен адамгершілік қасиеттері туралы естеліктерін ортаға салды. «Қазақ газеттері» серіктестігіне қарасты «Ақиқат»

қоғамдық-саяси журналының ұйымдастырумен бесінші рет өткен бұл жарыс та тартысты болды. Бұқаралық ақпарат саласында табысты қызмет етіп жүрген журналистер шахмат өнерінен де кем түспейтіндерін көрсетті. Жарыс қорытындысында «Үркер» журналының бөлім меңгерушісі Нұрлан Құмар жеңімпаз атанды. Екінші орынды Зейнел Жекейұлы, үшінші орынға Тілек Абдрахимов ие болды. Ынталандыру сыйлықтарына Данияр Сейсенбаев, Ғабит Қарабаев және ардагер жазушы Тәжібай Жанаев лайық деп танылды. Жеңімпаздарға ақшалай және бағалай сыйлықтарды Тәкен Әлімқұловтың жұбайы Есімгүл Болысбайқызы өз қолымен табыстады.

Қандай алпауыт мемлекет болса да оның экономикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық деңгейі алдымен елді мекендерді байланыстыратын жолдарға тікелей қатысты екені белгілі. Өйткені, тұрмысымызға қажет барлық заттар осы жолдар арқылы тасымалданады. Онсыз қарым-қатынас қиынға түседі. Осы тұрғыдан алғанда біздің елімізде де жол құрылысына және оларды жөндеуге жыл сайын қыруар қаржы бөлініп келеді. Өкінішке орай, одан біздің жолдардың жағдайы жақсарып кете қойған жоқ...

қалай атқарылғанына назар аударып көрелік.

Бір бөлігі күні кеше ғана пайдалануға берілген «Қарағанды – Теміртау» автобанында жарық пайда болып, осыған байланысты дау-дамай басталды. «ҚазАвтоЖол» мамандары «Қарағанды-Теміртау» тас жолының не себепті жарылып кеткенін 5 айдан бері анықтай алмай бастары қатып отыр. Көлік даңғылын бірнеше рет арнайы комиссия тексергенмен, еш нәтиже шығара алмаған. Ал магистральді салуға республикалық бюджеттен 11 млрд. теңге бөлінген. Мамандар енді жол салынған жер

көрмепіз. Демек, тапсырыс беріп, атқарылған жұмысты қабылдап алушылар көзді жұмып қарайды деген сөз. Мысалы, Алматыдағы Бауыржан Момышұлы мен Ақын Сара көшелеріндегі жаңадан салынған жол пайдалануға берілген күннен бастап үнемі жөндеуден көз ашпай келеді. Ал шұрк-тесіктерді жамаған ағымдағы жөндеуден өткен жолдар бір-екі айдан аспай қайтадан сол баяғы «қотыр» күйіне түсетінін күнделікті көріп жүрміз.

Ол аз болса, «Нұрлы жол» бойынша да құрылысы «сағызша созылып» кеткен жобалардың тағы бірқатарын атап өтейік. Мысалы,

жылмен салыстырғанда 8 сатыға төмендеді», – деді ол. Жаһандық рейтингте Қазақстанның не себепті төменге түскенін түсіндірді. «Тендер өткізу рәсімінің ашық еместігі, мердігерлердің адал болмауы, делдалдардың – қосалқы мердігерлердің көптігі, сапасыз құрылыс материалдарының қолданылуы, автомобиль жолдарының сапасыз салынуына бірден-бір себеп болып отыр», – деді Нұртай Сабильянов. Осы пікіріне орай нақты мысалдар да келтірді. «Мысалы, 2016 жылы «Боғас – Қарағанды» республикалық маңызы бар жолының «Тарбағатай

хабарлады. Тендерді ұтқан компаниялар жолды салу кезінде біздегі заң бойынша көрсетілген ортақ талаптарға мән бермей, асфальтті сапасыз төсеген. Ізінше тындырған жұмыс актісіне жалған ақпараттарды енгізіп, бюджет қаражатын көбірек өндіріп алмақ болған. Осылайша, шілденің 17 күні мердігер компания өкілі сапасыз жұмысты тапсырыс берушілерге кедергісіз өткізу үшін құзырлы мекеме қызметкеріне 500 мың теңге пара беріп жатқан жерінен ұсталды. Жалпы, өңірдің жол құрылысы саласында барлығы 7 қылмыс анықталған. Бұл қысқа мерзімде бір ғана солтүстік өңірдегі қаржылық қылмыс. Ал бүкіл еліміз бойынша есептесек, бұл көрсеткіш қайда кетпекші? Балық басынан шіриді демекші, қылмыстың бәрі жоғарыдан басталатыны белгілі. Республикалық жолдарды қыста қардан тазартып, жазда жөндеу жұмыстарын жүргізуге деп бюджеттен бөлінген қыруар қаржыны талан-таражға салғанын жасырып қалмақ болған «Қазавтожолдың» бұрынғы басшысы, Мәжілістің экс-депутаты Серікжан Мұқашев үш жылға бас бостандығынан айырылып, 2 млрд. теңге қазынаға қайтару міндеттелгенін білесіздер. Өзі қылмыс жасап қана қоймай Есеп комитетінен тексеруге келгендерге 16 млн. теңге пара беріп оларды да түрмеге отыруға мәжбүр етті емес пе?

Құрылысқа кім тапсырыс беріп, аяқталған соң оны кім қабылдап алады? Олар неге жұмыс сапасына назар аудармайды? Қаржыға жауапты құзырлы органдар мемлекет ақшасының қайда кетіп жатқанына неге бақылау жасамайды? Әлде олар да өз «үлестерін» алып, көрсе де көрмеген болып отыр ма? Дәп осы сұрақтардың жауабын табу қажет. Бізде не көп, тексеруші органдар көп. Прокуратура, сот, полиция, жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, министрлік, әкімдік болып жинастырып кете береді. Санасыз құрылыс жүргізетін компаниялардан тексерушілердің саны асып кетеді. Ал, нәтиже қайда? Жоқ. Анда-санда есеп беру үшін, көрсеткіш үшін бірді-екілі жемқорларды ұстап, жұмыс істеп жатқан секілді көрінеді. Шын мәнінде олай емес. Осы аталған органдар құрылысқа бөлінген қаржының барлық жерде талан-таражға түсіп жатқанын білмейді дейсіз бе? Білгенде қандай Жоғарыдан төменге дейін жеті ұшынан жалғасқан жемқорлық тиылмай, біздің құрылыстарда сапа болады деп армандаудың өзі артық. Алматы мен Талдықорғанда жаңадан салынған тұрғын үйлердің қисайып, Қарағандыда құлап жатқаны соның айғағы емес пе?

Алдымыздағы қараша айынан бастап елімізде 3 бірдей автожол ақылы болмақшы. Ол Астана – Теміртау, Алматы – Қапшағай және Алматы – Қорғас жолдары. 1 шақырымы 1 теңгеге бағаланбақшы. Сапасы төмен жолдар үшін жүргізушілерден қалайша ақша талап етпекші? Ол жолдарды кім басқармақшы? Ақшаны жинайтыннына күмән жоқ, ал оны күтіп ұстау қолынан келе ме? Ол жағын әлі ешкім ойына алмаған секілді. Бүгінгі қаржылық дағдарысты ұмытпаған министр Жәніс Қасымбек теңгенің құлдырауы жол жөндеуге және оның сапасына кері әсер етпейді, құрылысқа 95 пайыз отандық өнім қолданылады дейді. Бұл да сол баяғы естіп келе жатқан ертегі, әдеттегідей халықты жұбату жыры...

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

БІЗДЕГІ ЖОЛДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

НҰРТАЙ САБИЛЬЯНОВ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН САПАСЫЗ ЖҮРГІЗГЕНДЕРДІ ҚАТАҢ ЖАЗАЛАУДЫ ҰСЫНДЫ



Шындығына келсек, жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарын сапасыз атқарып, оның тапсыру мерзімін созбаққа салатын компаниялар тым көбейіп барады. Кейбір нақты деректерге қарасақ, елімізде 10 жылда құрылысы аяқталмаған автокөлік жолдары баршылық екен. Бірақ, жұмыс аяқталмаса да жобаға бөлінген ақшадан бір тиын да қалмаған, қаржыны ұқыпсыз пайдалану, тіпті жымықу фактілері де жиі орын алып жатады. Ал кейбір кәсіпорындар тендер деген іріктеуден табаны жерге тимей шауып өтсе де, бөлінген қаржыны өз мерзімінде игере алмай отыр. Сонда олар күрделі құрылысты жүргізуге мүмкіндік беретін тендерді қалай ұтып алып жүр? Өздеріне жүктелген жұмысты атқара алмайтын компанияларға кім қолдау көрсетіп келеді? Оларға миллиардтаған қаржыны игеруге кім рұқсат берген? Ал, құрылысты дұрыс жүргізе алмайтын қауқарсыз кәсіпорынды билік басындағылардың тегін қолдайтын айтыпаса түсінікті. Осы бір маңызды мәселені көтерген халық қалаулылары өз міндеттерін дұрыс атқармаған мердігер компанияларға жазаны қатандату қажет деп отыр. Яғни, олардың мемлекет алдындағы жауапкершілігін арттыратын заң қабылдау керек. Өте дұрыс шешім, бұндай заңды осыдан ондаған жылдар бұрын қабылдау қажет еді. Ширек ғасырлық тәжірибеге сүйенсек, жол құрылысы мен жөндеу жұмыстары бізде үнемі сапасыз жүргізіледі. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Ал осыған жауапты министрліктің берген есебіне қарасақ ешқандай кінәрат, кемшіліктер байқалмайды.

«Қазір біз Теміртау және Қапшағай бағытындағы екі учаскені бітірдік. Осы жылы Қарағандының айналма жолы, Құртіден Боралдайға баратын жол бар. Келер жылы Боралдайдан Балқашқа және Балқаштан Қарағандыға баратын жол басталады» – деді депутаттарға ҚР Инвестициялар және даму министрі Жәніс Қасымбек. Енді осы министр айтқан жұмыстардың

қабатын арнайы техникамен тексермекші. «ҚазАвтоЖол» ҰҚ АҚ Қарағанды облыстық филиалы директорының орынбасары Игорь Гафтонның айтуынша, жолдың негізгі және қосалқы қабаттары мен жатқан жердің топырағы да жіті тексерілген. Барлығы қалыпты деңгейде деп бағаланған. Сонда жік қайдан шықты? Бұл сұраққа нақты жауап алу үшін енді жерді сканерлейтін «Георадар» деп аталатын арнайы аппаратпен тексермекші. Аталған техника жер қабатын 1 жарым метр тереңдікке дейін сканерлей алады. Осы тексеруді жобалауға енгізіп, жұмысты бастамас бұрын атқаруға болмады ма? Кез-келген құрылыс салынатын жер алдымен жан-жақты тексерілу керектігі жөніндегі баяғыдан белгілі қарапайым қағиданы біздің мамандардың білмегені ме? Ал жарылған жолдың ұзындығы 5 жарым шақырым аумақты құрайды. Барлығы 15 шақырым тас жолдың басқа аумақтары әзірге бүлінбеген. Бетон 2017 жылы маусым айының ортасынан қазан айына дейін төселген. Яғни жұмыс ауа-райының қолайлы кезінде атқарылған. Кінәрат биыл мамыр айында көрінген. Жолды тексеру мен қайта жөндеу жұмыстары мердігер компанияның өз мойнында болғанымен қаншама шығын, қаншама уақыт кетеді. Бұл жай ғана қатардағы жол емес, аузымызды керіп тұрып мақтанышпен айтатын – автобанның сиқы осындай болса қалғанынан не күтуге болады?

Негізі біздегі қолданыстағы заңдарға сәйкес мердігерлер жолдың болсын немесе басқа да құрылыстың сапасына 3 жылға кепілдік береді. Яғни жіберілген кем-кетіктерді тегін жөндеуге міндеттелген. Одан не пайда? Бұл заң да құрылыс атаулының сапасын арттыруға ықпал ете алмағанын ашық айтуға тиістіміз. Бір ай өтпей жатып құрылысшылар жана жолды қайта жөндеп жатады. Сонда осы құрылысты құзырлы органдар қалай ғана қабылдап алған деген сұрақ тұрақты түрде қойылып келеді. Бірақ оған нақты жауап бергендерді

Алматы-Қапшағай арасындағы тас жол жоба бойынша 2015 жылы аяқталуы тиісті еді. Содан бері үш жыл өтсе де мердігерлердің асығатын түрі жоқ. Сол сияқты жалпы ұзындығы 441 шақырымды құрайтын Астана – Павлодар тас жолының да құрылысы тасбақаның жүрісіндей бір өнбей-ақ қойды. Оның үстіне мердігерлер жұмысшылардың айлығын уақытында бермей, жүргізушілер жұмыстан бас тартып ереуілдеткені де ұмытыла қойған жоқ.

– Астана – Павлодар тас жолын пайдалануға беру мерзімі бірнеше мәрте бұзылғандықтан, бүгінгі күні 200 шақырымдық қана жол қозғалысы ашылған, алғашқыда жобаланып қыруар қаржы жұмсалған жұмыстың жартысы да атқарылмаған. Жалпы алғанда бұл жол 5 жылдан астам уақыт салынып жатыр. Былтырдан бері жол салу бойынша 6 бірдей қылмыстық іс қозғалғанының өзі заңды өрескел бұзуды көрсетеді, – деді бұл мәселені бірінші болып көтерген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов. Сондықтан да депутат мемлекеттік бағдарламаның мерзімін бұзғандардың, жұмыс сапасын төмендеткердің жауапкершілігін қатандатуды ұсынды. Әйтпесе, жол салуды «майшелпекке» айналдырып алғандар көбіей бермекші.

Мәжілістегі Үкіметтің осы сағатында депутат Нұртай Сабильянов еліміздегі жолдардың сапасыз салынуына әсер ететін бірнеше факторларды атап берді. «Тағы бір мәселе салынған автомобиль жолдарының сапасына қатысты. Көлік инфрақұрылымын дамытуға бюджет қаражатын қомақты түрде құйылып жатқанына қарамастан, бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингісінің «Жол сапасы» индексі бойынша 2017 жылы Қазақстан 115-орын алып, алдыңғы

– Аяғөз» учаскісіне орташа жөндеу жүргізу кезінде бірнеше мердігер тартылған. Олардың әрқайсысы асфальтты әртүрлі тәсілмен төсеген. Салдарынан жол сапасыз салынған және қазірдің өзінде ол бұзылып жатыр», – деді депутат.

Ал, Омархан Өксікбаев тас жол тарту кезінде көлік жүктемесі жете ескерілуі қажет екендігін алға тартты. «Бір кезде министр болған Нұғыманов, ойбай, бізде әлі 30 мың көлік жүретін машина жоқ, 15 жылдан соң қайта саламыз деп, үш жыл өтпей жатып, сол жолды бұзып қайта салдық. Қаншама қаржы босқа шашылды? Ешкім жауап берген жоқ, біреуінің басынан бір тал шаш түскен жоқ. Енді сондай жағдайға тағы да ұрынбауды ескерейік» – деді әріптесінің ойын жалғастырған мәжілісмен Омархан Өксікбаев.

Халық қалаулылары мәселені дұрыс көтеріп отыр. Жол құрылысында неге сапа жоқ? Жобалық-сметалық құжаттар бойынша бөлінген қыруар қаржы қайда кетіп жатыр? Әлде жол құрылысына қаржы қажет деңгейде бөлінбей жатыр ма? Жоқ, кез-келген нысан құрылысына ақша қажетті мөлшерде, тіпті артығымен бөлінеді. Онсыз ешқандай мердігер жұмысын бастамас еді. Өйткені, қыруар қаржыны ешқандай кәсіпкер өз қалтасынан өлсе де шығармайды. Ал бөлінген ақшаны қымқырып қалуға олар қашан да дайын. Бюджет ақшасын жымқырып жатса құрылыста қандай сапа болсын? Бұл сұрақтың жауабын біздегі жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтан да іздегеніміз жөн. Алысқа бармай-ақ, осы жақынды ғана орын алған мына бір жәйтті айтсақ та жеткілікті шығар.

Қызылжарда жол құрылысымен айналысқан мердігерлер мемлекеттік бюджетке 100 миллион теңге шығын келтіргенін аймақтық мемлекеттік кіріс департаменті

АЗАТ ПЕРУАШЕВ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫ ҮШІН ТЕГІН ЖОЛ ЖҮРҮДІ САҚТАП ҚАЛУДЫ ҰСЫНДЫ

Азат Перуашев елді мекендерді жаңадан салынған автожолдар айналып өтетіндіктен өз бизнесін жоғалтып жатқан жол бойындағы сервис кәсіпкерлеріне жақтасып, Инвестициялар және даму министрлігіне ауыл тұрғындары үшін тегін жол жүруді сақтап қалуды ұсынды.

«Жол бойындағы сервисті дамыту арқылы жергілікті кәсіпкерлерге басымдық берілуі тиіс» — автомобиль жолдарын дамыту жөнінде өткен «үкімет сағатында «Ақ жол» фракциясының жетекшісі елді мекендерді айналып өтетін автожолдарды ауыстырудан зардап шеккен шағын бизнес туралы ашып айтты.

«Біз ондаған елді мекендерді айналып өтетін тас жолдарын салудамыз. Иә, адамдарды зымырап өте шығатын көліктерден қорғаймыз. Бірақ дәл мұндай елді мекендерде осы жолдардың арқасында көптеген отбасылар өмір сүріп келгенін ескеру керек. Олар ТЖО (техникалық қызмет көрсету станциясы), жанармай құю станциялары, кафелер ашты, жеміс-жидектер сатты. Енді, біз барлық жолдарды елді мекендердің шеңберінен шығарып, көшірмекпіз. Барлық осы шағын бизнес нысандары өз келушілерін жоғалтады, құрдымға кетеді. Ал, бұл ауылдарда басқа ешқандай жұмыс жоқ.

Иә, жаңа тас жолдарының бойында соған ұқсас ғимараттарға арналған жер телімдері бөлінеді. Олар аукционда сатылады. Алайда, жергілікті кәсіпкерлер аукционның бағаларын көтере алмайды, сондықтан да оны үлкен қалалардағы ірі компаниялар ұтып алады. Ал жергілікті шағын және орта бизнес болса орнын сипап қалады, кешегі жұмыс берушілердің өздері жұмысынан айырылып қалады.

Бәлкім, мұндай ауқымды бағдарламалардың нәтижесі тек жаңа жолдарды салу емес, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын ашу және өнірлерде халықты жұмысқа тарту болуы тиіс сияқты. Олай болса, ендеше, сол кәсіпкерлерді сақтап қалайық, трасса жиегінен жер телімін бөлгенде жергілікті тұрғындарға, әсіресе ауыл-аймақтағы халыққа басымдықтар берілуі үшін қандайда бір жеңілдіктер қарастырып, заманауи талаптарды қолданысқа енгізуде оларға көмек көрсетейік», — деп ұсынды Перуашев. Оның пікірінше, ірі компа-

ниялар тарапынан жол бойындағы инфрақұрылымды монополияландыру Президенттің бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту идеясына тікелей қайшы келеді. Сондай-ақ, Елбасының бес әлеуметтік бастамасы бойынша шағын кәсіпкерлікке жеңілдікпен несие беру жол бойындағы сервис саласына да бағытталса болар еді.

Бұдан басқа, «Ақ жол» төрағасы басқа да түйткілді мәселеге тоқталды. Бұл ақылы жолдар аймағында тұратын ауыл тұрғындарын қорғау мәселесі.

Қазір бізге барлық жаңадан салынған автожолдар біртіндеп ақылы жол жүруге ауыстырылатын болады деп айтып отыр. Рас, олар осы жолдардың бойында тұратын жергілікті тұрғындар мың (1000) теңгеге абонемент сатып алып, онымен бір жыл бойы жүре алады деп уәде беруде.

Алайда, бүкіл әлемде халық басқа жолмен қорғалған — ақылы автомобиль жолдары мен автобандар альтернативті, баламалы тас жолдары бар болған кезде ғана енгізіледі. Яғни, тұрғындардың таңдау мүмкіндігі болады: баяу жүру, бірақ тегін; немесе жылдам, бірақ қымбат. Ал, біз болсақ баламалы трассаларды салмаймыз, азаматтарды таңдаусыз қалдырамыз



және оларды тек қымбат жолда жүруге мәжбүрлейміз. Олардың не кінәсі бар? Әріден соң, бұл жолдар олардың төлеген салықтарының да есебінен салынып жатыр», — деген Азат Перуашев министр Жәніс Қасымбекке назар аударып, келесідей мысалдарды келтіріп өтті.

Биылғы жылы Астана — Павлодар учаскесінде қозғалыс іске қосылады деп айтылды. Егер қателеспесем, бұл тас жолды 8-ші жыл салуда. Бұған қоса алдымен ескі жолды қиратып, оның үстіне жаңадан сала бастады (оны салып жатқанына 8 жыл болды). Ал, осы жылдар ішінде тұрғындар мүлдем жолсыз қалды, оларға айналып жүруге тура келді.

Ескі жолды өз орнында қалдыру қиын ба еді, жаман-жақсы болсын адамдар сол жолмен қатынайтын еді ғой. Басқасы басқа, бізде жазық

жер жетеді! Солға қарай, немесе оңға қарай жаңадан жылдамдықты трасса салмасқа болмас па, ескі жолды қиратудың не қажеті бар еді? Оны сақтап, тегін етіп қалдыру керек еді.

Мүмкін, мен қазір сәл аңғал, аңғырт нәрсені айтып жатқан болармын, дегенмен, бұл мәселе мені осы елдің азаматы ретінде алаңдатады. Бұл ауылдық жерлерде тұратын әрбір азаматымызға да қатысты, олар үшін әрбір тиын-тебен есепте. Ал, біз бұл жерде отырып алып олар үшін бәрін де шешіп қойдық — жүргің келе ме — мың теңге төле!

Мен министрліктен ақылы жолдарда тұратын ауыл тұрғындарының мүдделерін қорғау үшін тиімдірек шаралар қабылдауын сұраймын, себебі оларды шығынға ұшыратпау үшін — деді Перуашев.

БАҒАЛЫ ТӘЖІРИБЕ БҮКІЛ ЕЛГЕ ТАРАЛУЫ КЕРЕК

«АҚ ЖОЛ» ДЕПУТАТТАРЫ ҮКІМЕТКЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРҒА АЛҒАШҚЫ ЖАРНАНЫ СУБСИДИЯЛАУ АРҚЫЛЫ «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫН ЫНТАЛАНДЫРУ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІКТЕРДІҢ КӨРСЕТКЕН ОҢ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРДЕЛЕУДІ ЖӘНЕ ОНЫ БҮКІЛ БАҒДАРЛАМАҒА ТАРАТУДЫ ҰСЫНДЫ – ТИІСТІ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДЫ БҮГІН БЕРІК ДҮЙСЕМБИНОВ ЖАРИЯЛАДЫ.

7-20-25 бағдарламасының потенциалды қатысушыларының саны осынша.

Алайда, осы жылдың 29-тамызында Ұлттық банктің және «Баспана» ипотекалық компаниясының ақпаратына сүйенсек 7-20-25 бағдарламасы бойынша бүкіл елімізде, үй алуға небәрі 1803 өтініш тіркелсе, оның 1190-ні ғана мақұлданған. Бұл деген 1 процент емес, тіпті бір промилле де емес, көп болса промилленің жартысы.

Мысалы, Түркістан, Маңғыстау облыстарында — 0, Солтүстік Қазақстан облысында — 1, Атырау облысында — 1, Павлодар облысында — 9, Жамбыл облысында — 10 өтініш тіркелген. Әрине мұндай көрсеткіштерге көңіл толмайды.

«Ақ жол» фракциясының депутаттары сайлаушылармен кездескен кезде осыншама мардымсыз нәтижелердің себептері не екенін анықтауға тырысты.

Шындығында, оған жергілікті мемлекеттік органдар мен бағдарламаның өзіндегі кейбір шарттары кінәлі.

Ең алдымен жергілікті органдар қолында мындаған баспанаға мүдделі адамдардың тізімі бар екеніне қарамастан, ол адамдарға бағдарлама туралы хабар берместен, кездейсоқ жерден естіріп деп кабинеттен шықпай күтуде. 21 ғасырда икемділік танытып, тізімдегі азаматтарға қоңырау шалып, шақырып бағдарламамен таныстыруға болмай ма. Кезектегі адамдардың барлығы емес бір проценті қатысқанның өзінде бүгін осы бағдарлама арқасында бүгінгі бір мың емес, кем дегенде 25 мың адамды үймен қамтитын едік.

Кейбір аймақтарда бағдарламаның шарттары жергілікті ерекшеліктерге сай келмейді. Мысалы еліміздің ең халқы көп, ал орта-

ша жалақысы ең төмен аймақтардың бірі Түркістан облысы мен Шымкент қаласы. Бұл жерде көпшілік отбасы көпбалалы екен, сондықтан мұнда бір екі бөлмелі пәтер таршылық етеді.

Ал бағдарлама шарты бойынша үйдің бағасы 15 миллион теңгемен шектелген. Шымкентте бұл сомаға бағдарламаға сәйкес келетін тек екі бөлмелі пәтер ғана. Осы аядай үйге 4-5 баламен қалай сиясыз. Жақында ғана Шымкент қаласын Астана, Алматымен теңеп, мегаполис деп жарияласақ, нәліктен үйдің бағасын екі есеге төмендетіп отырмыз.

Біздің ойымызша бұл бағдарлама үш бағытқа арналған. Алдымен үйсіз-күйсіз жүрген отандастарымызды баспанамен қамту. Екіншіден, банктерді ипотекалық несиелендіруге қайта тарту. Үшіншіден тұрғын үй құрылысына жаңа серпін беру. Біздің байқауымызша, осы бағдарламаны дайындау барысында Ұлттық банк нақты жағдайды толық ескермеген.

Озық ойлы, еліне жанашыр әкімдер шамалары келгенше бағдарламаның шарттарындағы осы кемшіліктердің орнын толтыруға тырысуда. Мысалы, дәл сол Шымкент қалалық әкімшілігі кейбір әлеуметтік топтарға көмек қолын созып, алғашқы жарнаның жартысын өз мойындарына алуда. Яғни, мұқтаж азаматтарға және ипотекалық несиелендіруге қосымша ынталандыру табылуда.

Бірақ, бізді «Ақ жол» бизнес партиясы ретінде осы бағдарламаға қатысып отырған құрылыс компаниялардың жағдайы да алаңдатады. Қала салушылар ассоциациясының айтуынша соңғы жарты жыл ішінде негізгі құрылыс материалдарының бағалары күрт өсуде. Мысалы цемент бағасы



екі есе, металлопрокат екі жарым есе өскен. Мұндай жағдайда бағдарламада көрсетілген бағамен үй салу өз өзін ақтамайды.

Кеше ғана сіз құрметті Данияр Талғатұлы, Үкімет отырысында инфляция әрі қарай өсе береді деп болжам жасадыңыз. Осыған қосымша дәлел — Қазақстан құрылысшылар одағының ақпараты бойынша көп кәсіпкерлер құрылыс саласынан шығып, саудаға көшуде немесе мүлдем бизнеспен айналысудан тартуда.

Құрметті Данияр Талғатұлы, осы жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, «Ақ жол» фракциясының депутаттары Сізден:

1. Шымкент қаласының республикалық статусын ескере отырып, 7-20-25 бағдарламасы бойынша ипотекалық қарыздың жоғарғы шектеуін 15 миллионнан 25 миллион теңгеге көтеруді;

2. Алғашқы жарнаның жартысын субсидиялау тәжірибесін бүкіл елімізге таратуды қарастыру;

3. Бағдарламаға қатысатын құрылыс компанияларды инфляция мен құрылыс материалдарына өскен бағалардан қорғау механизмдерін әзірлеп немесе құрылыстың өзіндік құнын қайта есептеуді сұраймыз.

«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ТӨРАҒАСЫ
Д. АҚЫШЕВҚА

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Данияр Талғатұлы!

Қазақстан Республикасы Парламентінің 4-ші сессиясының ашылуындағы сөзінде Елбасы Н. Назарбаев бес әлеуметтік бастаманың сапалы түрде іске асуының өте маңыздылығын тағы да атап өтті. Әсіресе, аталған бес бастаманың ішіндегі бірі де бірегейі, ол, тұрғын үйге мұқтаж жандардың баспаналы болуы, яғни 7-20-25 бағдарламасының жүзеге асуы.

Осы орайда, «Ақ жол» фракциясының депутаттары жазғы аймақтарға барған іс сапар барысында осы бағдарламаның қалай орындалып жатқанымен танысып, облыстардағы қала тұрғындарымен, құрылысшы кәсіпкерлермен және банк өкілдерімен кездесулер өткізген еді.

Барлық жерде қарапайым азаматтар осы бағдарламаны қуанышпен және үлкен үмітпен қарсы алды. Естеріңізге сала кетейін, өткен жылы «Нұрлы жер» бағдарламасын талқылағанда үйдің ресми кезегінде 1,5 млн. адам тұрса, тағы 1 млн азамат үй салу үшін жер учаскесін күтуде. Яғни, баспанаға мұқтаждардың саны 2,5 миллионнан асады. Міне, Елбасымыз бастаған

Жасұлан ИСА:

ҚАЗАҚ ТІЛІ – НӨЛ!

Мемлекеттік қызмет үшін МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚҰНЫ ЖОҚ ПА??!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ КЕРЕГІ ЖОҚ
БОЛСА, ҚАЗАҚ ТІЛІН КІМ, НЕ ҮШІН ҮЙРЕНЕДІ?!

Белгілі заңгер Жасұлан Иса Мемлекеттік Қызмет істері агенттігіндегі Мемлекеттік тілге қатысты күрделі мәселені көтерді. Оның айтуынша, агенттікте тапсыратын тестілеулерде қазақ тілі «формальді» түрде ғана қолданылады. Оған ешқандай баға қойылмайды.



— ҚР Мемлекеттік Қызмет Істері және Сыбайлас Жемқорлыққа Қарсы іс-қимыл Агенттігінде тапсыратын тестілеулерінен, Мемлекеттік қызметкерлердің көбісі (80, 85 пайыз екен) өте алмай жатыр деген шу шыққан болатын. Дәл сол кезде, мен де аталған Агенттікке барып, өз-өзімді сынақтан өткізіп, орыс тіліндегі тесті бір кіргеннен тапсырып, сертификат алған едім. «Неге орыс тілінде?» дейсіздер ғой. **ТЕСТІ ОРЫС ТІЛІНДЕ ТАПСЫРАТЫНДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ҚАЛАЙ ӨТЕТІНДІГІН БІЛГІМ КЕЛІП ЕДІ...** Тестілеу ішінде, Мемлекеттік тілді білуге арналған сұрақтар болғанымен, өтпелі, дұрыс болатын жауаптардың қанша болуы керектігі көрсетілмеген. Дәлірек айтқанда, **Қазақ тілінен 20 сұрақ көрсетіліп, «өтпелі дұрыс жауаптар» деген балл қойылатын жерде, аныраып НӨЛ түр. Демек, қазақ тілінен бір де бір сұраққа жауап бермей-ақ, сертификатқа ие бола береді екенсіз.** Өз басым 20 сұрақтан 14-не дұрыс жауап берген едім. Бірақ, сертификаттың атауы, «на знание государственного языка и законодательства...» деп басталғаннан кейін, міндетті түрде Қазақ тілінің болуы



керек еді. **Былайша айтқанда, бұл тестілеуге Қазақ тілі көз бояушылық үшін қосылған. Сонда, Мемлекеттік жұмысқа алынатындарға Мемлекеттік тілдің керегі жоқ болғаны. Егер, Қазақ тілінің, Мемлекеттік тілдің, Мемлекеттік органға керегі жоқ болса, қалайша Қазақстан Республикасының азаматтары, жастар да, Қазақ тілін үйренуге талпынады?** — деп жазды заңгер өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Аталмыш тестілеулердің қашан енгізілгені, қай басшының тұсында қолданысқа түскенін біз нақты білмейміз. Алайда, соңғы кездері Агенттік төрағасы Алик Шпекбаевтың тарапынан Мемлекеттік тілді қолдау бойынша келелі жұмыстар атқарылып жатқанын мойындау керек. Мәселен, биылдың өзінде бірнеше рет агенттік өкілдері зиялы қауыммен жолығып, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге қадам жасап жүргенін аңғартты.

Алдағы уақытта осы тестілеу мәселесіндегі тілдік дискриминация ескеріліп, тиісті шешімдер қабылданады деп үміттенеміз.

Qazaquni.kz

ЕРЕЙМЕНДЕГІ ЕЛ НАРАЗЫ: «ҚАЗАҚ ТІЛДІ АУДАНҒА ҚАЗАҚ ТІЛДІ ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛУ КЕРЕК»

Қазақтілді ауданға қазақ тілін білмейтін әкімді тағайындаған басшы – не мемлекеттің саясаттан ешқандай хабары жоқ адам, немесе ашықтан-ашық қазақ халқына қарсы арандату жасап отыр.

Ерейментаулықтар 15-16 қыркүйекте аудандарының құрылғандарына 90 жыл толғанын атап өтпекші. Осы тойға тартудың «көкесін» облыстың әкімі алдын-ала беріп қойғанға ұқсайды — қазақтілді ауданның әкімдік қызметіне қазақ тілінен мақрұм жанды тағайындапты.

Ауданның атқамінер азаматтары әлі естерін жинай алмай отыр. Ұялған тек тұрмас дегендей, орыстілді жаңа әкім мен орыс тілін білмейтін ауыл әкімінің арасында болған әңгімені анекдотқа айналдырып, бізге де айтып берді. Не күлерімді не жыларымыды білмей мен тұрмын.

Өкінішке орай, бұл — етіміз үйреніп кеткен, қалыпты оқиға сияқты. Мемлекеттің тілін білмейтін мындаған басшылар арқаларын кеңге салып, қызметтерін атқарып, жайбарақат жүріп жатыр. Өз мемлекетінің тілін білмейтін Парламент депутаттары, сенаторлар бар, тілдерін шайнап сөйлейтін министрлер мен әкімдер де жетерлік. «Архитолерантты» мемлекеттің «архитолерантты» («намыссыз» деген сөздің баламасы деп түсініксіздер) қазақтілді азаматтарының бір бөлігі бұл жағдайға мән бермеуге тырысып, орысшаға бас шұлғудан жазбаса («бастығың соқыр болса, бір көзінді қысып жүр» деген ұстаным), тағы біреулері ертеңгі күні мен қызметін ойлап іштен тынып жүр. Құдайға шүкір, қазақтілді азаматтардың басым көпшілігі қостілді жандар, оларға орыс тілін түсіну қиындық келтірмейді. Ал «менімен қарым-қатынас жасау үшін сендер менің тілімді үйреніп алындар, ал мен сендердің тілдерінді үйреніп әуре болмаймын» дейтіндер, осыны жақсы пайдалануда.

Алайда, бұрынғы Кеңес Одағында болған елдердің де, Қазақ елінің де тілдік жағдайы жыл өткен сайын өзгеріп келеді. Соңғы мәліметтерге қарағанда, өзбек азаматтарының 60 пайызы, тәжіктердің 67 пайызы орыс тілін мүлдем білмейді екен. Қырғыз ағайындардың да тең жартысы орыс тілін «қақпайды». Ал грузиндердің ішінде орыс тілін білетіндердің соңғылары — 90-жылдары әскерге барған жандар... Балтық жағалауындағы елдерді айтпай-ақ қоялық. Ал қазақ азаматтарының ішіндегі орыс тілін білмейтіндер — 18 пайыз. Сондықтан, менің ойымша, Ерейментаудағы оқиға — әлі алдымыздан шығатын, бүгіннен бастап нақты шешімін таппаса, тіларалық кикілжіңге алып келетін төтенше жағдай. Бүгінгі қоғамның тұрақтылығын сақтап отырған қостілді қазақ қауымы біртүлділікке ауысқан уақытта (бұл — табиғи заңдылық, оны ешкім тоқтата алмайды), екі тілдік топтың өзара түсінісуі — қоғамдық-әлеуметтік проблемаға айналады. Естуімше, Ерейментау ауданындағы екі ауылдың әкімі — кезінде орлалман атағын алған, «ана тілімде еркін сөйлеп, өмір сүрсем екен!» деп еліне келген азамат. Олар орыс тілін білмейді және білуге де міндетті емес. Әңгіме екі әкімде де емес, сол жерде өмір сүріп отырған барлық қазақтілді азаматтарда, олардың өзінің ана тілінде (және мемлекеттің тілінде) сөйлеу құқығында болып отыр. (Менімен пікірлескен азаматтардан «енді не істейміз, орыс тілін үйренеміз бе...» деген сияқты сөздерді де естіп қалдым.)

Бұл, өкінішке орай, — бүгінгі биліктің болмысы. Қазақтілді ауданға қазақ тілін білмейтін әкімді тағайындаған басшы — не мемлекеттің саясаттан ешқандай хабары жоқ адам, немесе ашықтан-ашық қазақ халқына қарсы арандату жасап отыр. Менің басқа берер бағам жоқ. Ең қорқыныштысы — Облыстық мәслихаттың, мемлекеттің басқа да бақылау органдарының үнсіз отырғаны...

Ал Ерейментаулықтардың алдында екі ғана жол тұр: бірі — өздерінің ана тілдерінде сөйлеп, ана тілдерінде жазуды жалғастыру да, екіншісі — шеге тауып алып, бірінің көздерін бірі шығару («бастығың соқыр болса...»).

Айтпақшы, Ерейментаудың кіреберісінде Бөгенбай батырдың ескерткіші тұр. Ерейментау — барша қазақтың құрмет тұтатын, жаудан беті қайтпаған Бөгенбай батырдың елі.

Дос КӨШІМ,
қоғам қайраткері

Жұлдызай ФОРТ:

АНА ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙТІН ҚАЗАҚТАРДЫҢ МҮДДЕСІН КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

Қазақ тілінің дамуына Конституцияның 7-бабының 2-тармақшасы кедергі болып тұр. Соған жүгініп, орыстілді азаматтар мемлекеттік тілді үйренбей отыр. Сондықтан, аталған бап Конституциядан алынып тасталсын!

Қазақстан халқы тілдері мерекесі күні 5-қыркүйекте қайта жарияланаған «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТӘУЕЛ-СІЗДІГІ АТА ЗАҢДА АЙҚЫН КӨРІНСІН!» атты ұлт зиялыларының Ашық хаты (алғаш 2017 жылы 26-ақпанда жарияланған) қоғамда қатты қолдау тауып отыр. Солардың бірі, белгілі блогер, полиглот, тіл күрескері Жұлдызай Форттың төменгі жанапайы мақаласын назарларыңызға ұсынбақпыз.

Неге 70% қазақ өз Отанында басқа азаматтармен бөтен тілде сөйлесуі керек?

Қоғам белсендісі Жұлдызай Форт Мемлекет басшысы Н. Назарбаевқа үндеу жариялап, Тіл туралы заңға өзгеріс енгізуді сұрады, — деп хабарлайды «Қазақ үні» ақпарат агенттігі.

— Бүгінгі таңда қазақ халқында тіл мен жерден басқа ештеңе қалған жоқ. Қазақ тілі Конституцияда мемлекеттік тіл деп аталса да, Парламент пен Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар мемлекеттік шараларды тек ресми тілде жүргізеді. Ал, бұл Конституцияның 7-бабының 1-тармағын бұзу! «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі». Және де орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деген норма Қазақстан заңдарында жоқ — бұлай деу бос сөз! Расында, неге 70% қазақ өз Отанында басқа азаматтармен бөтен тілде сөйлесуі керек? Қазақстанда,

Конституцияда жазылғандай «байырғы қазақ жерінде» ұлтаралық қатынас тілі тек мемлекеттік тілі болуы керек! Ана тілінде сөйлейтін қазақтардың мүддесін кім қорғайды? — деп жазылған petitions247.com сайтында жарияланған үндеуде.

Форттың айтуынша, ол өзі орыс тілінде білім алғанымен әрдайым қазақ тілінің мүддесін қорғауға қолынан келгенше атсалысып жүр.

— Қазақ тілінің жанашыры Руза Бейсенбай — тегі де, мен де орысша оқыдық, және мен қосымша 10 шет тілін меңгердім, соның өзінде қазақ тілінің мүддесін қолымыздан келгенше қорғап жүрміз. Қазақстан азаматтарының барлығы мемлекеттік тілді білуге борышты! Бұндай норма ҚР тіл туралы 1997 жылғы 11-шілдедегі N 151 Заңының 4-бабында бар: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Мемлекеттік тіл — мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы ор-

гандар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті», — деп заңнан үзінді келтірді белсенді.

Жұлдызай Форттың сөзінше, шетел азаматтары қазақтарға «өз тілдерінде неге сөйлемейсіңдер?» деп күліп қарайды екен. Сонымен қатар, тіл жанашыры еліміздегі Мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатуға Конституциядағы 7-ші баптың 2-ші тармағы кедергі болып жүргенін атап өтті.

— «Мен шет елдіктерді көп аудардым, олардың бәрі «Өз тілдерінде неге сөйлемейсіңдер?» — деп бізге күледі. Әрине, өзін-өзі сыйламаған халықты кім сыйласын. Қазақ тілінің пайдалану аясының кеңеюіне Конституцияның 7 бабының 2-тармақшасы кедергі болып отыр, өйткені соған жүгініп, орыстілді азаматтар мемлекет тілін үйреніп қолданбай отыр. Осы себептен аталған бап Конституциядан алынып тастап, орнына «Мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деген норманы енгізу керек, — деді Форт өз үндеуінде.

qazaquni.kz

Өтежан ағам: «Әй, Шал бала, маған жолама! Кесірім тиіп кетеді...»

– деуші еді. Неге екенін қайдам, ол кісі мені «Шал бала» деп атайтын. Сенің таңдауың неге маған түсіп отырғанын білмеймін, Азамат...

(Байбота ағаның телефондағы әңгімесінен).

– Қазіргі әдеби қауымдастыққа көңіліңіз тола ма? Сіздердің арындап тұрған «максималист» кездеріңізде орта қандай болғанын білмеймін, бірақ қазір рушылдық, жүздік, топтық мүдде деген дерт дендеп кетті. Одақтың өзін кешеге дейін «ана рудың ордасы, мына рудың ордасы» деп «руластар мекеніне» айналдырып жіберді. «Тұлға» ғой деп бала күнде сүйсініп жүретін адамдар мышмыш әңгіменің деңгейіндегі пенде екенін түсіндік. Әдеби орта да көш соңында ілбіген жауыр ат секілді... төзімді, әйтеуір. Әлде бұл ширек ғасырлық осындай идеологияның зардабы ма?

– Ширек ғасырлық идеологияң не, қарағым-ау, жарты ғасырдан астам уақыт бұрын қалыптасқан сірі жүйе секілді бұл... Әу баста Максим Горькийдің пролетариат жазушыларын жасақтау идеясын Сталин қолдап құрылған бұл одақтың өзі топтық, таптық мүддені көздейтін одақ болатын... Белгілі бір топтың ғана мүддесін көздеу түптің-түбінде ұлтты орға жығатынын сталиндік репрессия кезінде КСРО Жазушылар одағының мемлекет машинасына қалай қызмет еткенінен-ақ көруге болады. Сол зұлмат арыстарымыздың бәрін баудай түсірді. Бассыз қалған ұлт «тап тартысынан» құтылды... Тарихтан сабақ алып үлгермеген біздің аға буын бос қалған қуысты рушылдықпен, жүзілдікпенен алмастырып толтырды. Мұның көптеген мысалы ақсақалдарымыздың сыбырлап айтқан ауызекі әңгімесінен білеміз. Хатқа түскендері де бар, әрине.

Бекежан Тілегенов деген жазушы болды. Қазір көп ешкім біле бермейді. Ертеде Алматы қалалық партия комитетінде, Қазақстан КП Орталық комитетінде, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет жасаған. Ол өзі «менің жазушым» емес. Алғаш қолыма түскен кітаптарына тұшыбағанмын. Ақын-жазушылардың әдепкі шығармалары көңілімнен шықпаса, ары қарай ол авторды оқымай кететін әдетім бар. Уақытымды босқа өлтіріп аламын ба деп қорқамын. Бірақ оның бір шығармасын Мұхтар Мағауин өте жоғары бағалапты. Кейіннен Тұрысбек Сәукетаев менен сол шығарманы оқыдың ба деп сұрады. Оқыған жоқ едім. Сөз бекерден-бекер айтыла салмайды ғой. Мұнда бір сыр барын анық түсіндім. Содан әлгі Тілегеновтың «Тұйық өмірдің құпиясы» деген роман-толғауын тауып алып, ерінбей-жалықпай оқып шықтым. Мен, бәрібір, ол туындыны роман деп қабылдаған жоқпын. Өйткені бұл шығарма роман жанрының барлық шартта-



отырған мәселені әлеуметтік желі арқылы ғана біліп отырмын...

Ал өзім аударма саласында ұзақ уақыт шұғылданып, бірнеше кітап шығарғандықтан аудармашылықтың ұлы өнер екенін жақсы білемін. Қай кезде де аудармашының рөлі ақыннан не жазушыдан бірде-бір кем болған емес. Көркем шығарманы аудару үшін тіл білу, тіпті полиглот болудың өзі мүлдем жеткіліксіз, алдымен аудармашының бойында шығармашылық қабілет, танылған талант, дарын деген нәрселер болуы керек. Оның үстіне біршама жеткілікті деңгейде жан-жақты білімі болмаса, бәрі де далбаса.

Мынаны түсініп алған жөн, Азамат: аударма әдебиет кімдікі? Қазақ әдебиеті шет тілдерге аударылса, ол әдебиет сол тілді тұтынатын оқырманның игілігі үшін жасалады. Ал шетел әдебиеті қазақ тіліне аударылса, ол туынды қазақ оқырмандарының олжасы

Мұндай табанынан таусылған елге әдебиеттің керегі бар ма деген «пессимистік» ой келеді кейде... Мысалы, қазақ әдебиетінің классигі Байбота Қошым-Ноғай соңғы екі жылда «Рухани жаңғырды» ма?

– Өтежан ағам айтқандай, тірі адам классик болмайды. Классик болу үшін өлу керек. Классика деген атаудың өзі «көне үлгі» деген мағынаны бермей ме? Мінеки, «классика» деген атаулатынның classicus деген сөзінен шыққан екен, орысша «образцовый» деген мағына береді. Менің талай ақынға үлгі болғаным рас. Олардың ішінде қатарларым да, іні-қарындастарым да, тіпті ағаларым мен апаларым да бар. Біреулері айтады, біреулері айтқысы келмейді. Айтқысы келмесе де, ішім біліп отырады. Өздері білсін. Адам баласы ел білетін екі нәрсені ғана ешкімнен үйренбейді, басқаның бәрін де біреді үлгі тұтып үйренеді. Өзіміз

Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ:

МЕМЛЕКЕТТІК ЛЕНИННІҢ ӨМІРІНЕ АРНАЛҒАН

рына жауап бере алмайды. Бірақ, автордың өзі атап көрсеткендей, «айтылмай келген шындық» екен.

Шындық дегеніміз Жан-Леон Жеромның «Истина, выбирающаяся из колодца» деп аталатын картинасындағы өзі де абыржып, өзгенің де дегбірін қашыратын тырдай жаланащ әйел ғой!

«Тұйық өмірдің құпиясын» толық оқып шыққаннан кейін сенің әлгі «тұлға ғой деп бала күнінде сүйсініп жүретін адамдардың» пенде екенін танығаның сықылды мен де қатты абыржыдым. «Тұйық өмірдің құпиясы» аяқталды, бірақ Қазақстан Жазушылар одағы Бекежан Тілегенов шығармасындағы шынайы өмірді ары қарай жалғастырып жасап келеді. Мен капиталистік қоғам кірген соң келмеске кетеді деп түсінген рушылдық кеселі Жазушылар одағында бойын жасырмақ түгіл, жазылмаған күйде «зандастырылған». Күні кешеге дейін Жазушылар одағының төрағасы ұлы жүзден шыққан болса, оның бірінші орынбасары мен орынбасары орта және кіші жүздерден болуы керек. Ал төраға орта жүзден болса, оның бірінші орынбасары мен орынбасары ұлы және кіші жүздерден болуға тиіс екен. Одан төменгі сатыдағы қызметкерлер де солай... Ау, бұл жерде әуелі ол адамдардың қай руға, қай жүзге жататыны емес, ұйымдастырушылық қабілеті, шығармашылық мүмкіндігі алға шығуы керек емес пе? Өкінішке қарай, олай емес.

Тағы бір сөз. 2014 жылы «Мереке баспалар үйінен» «Жыр маржаны» аталатын қазақ поэзиясының он томдық антологиясы жарық көрді. Құп! Құрастырушылары ерлі-зайыпты Мереке Құлқенов пен Гүлсім Мұқышева. Қомақты қаржы мен

қыруар күш-жігер жұмсалған жап-жақсы жұмысқа «біткен іске сыншы көп», бұл антологияда қазақ топырағында туған Әбунасыр әл-Фараби өлендері мен Хорезмидің «Махаббатнамасы» неге жоқ деп сын айта берсек, талай мін табылады. Оны қазбаламай-ақ қоялық. «Жыр маржанының» алғашқы томы Күлтегін ескерткішінің еркін әдеби нұсқасымен ашылса, екінші томы – Абай, үшінші томы – Жамбыл Жабаев жырларымен беташар жасайды. Мұны «қазақы дәстүр» деп мойындайық. Ал қалған жеті томының көшбастар тізгінін Қазақстанның бір өңірінен шыққан ақындарға – кіші ата-балаларына ұстатқан. Ау, антология деген нәрсенің өзіне тән жүйесі болмаушы ма еді? Антология болған соң рутайпалық, жүздік жүйе емес, не хронология жүйесі сақталу керек, не авторларының аты-жөні алфавит бойынша орналасуға тиіс еді ғой!

Сенің «рушылдық деген дендеп кетті» дегеніңе байланысты айтып отырмын. Мен де мұндай дендеп кеткен дерттің бар екенін білемін, бірақ дауасын таппай қиналамын.

– Соңғы кезде әдеби аударма саласында бір қозғалыстар байқалды. Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақ авторларының шығармаларын шет тілдеріне тәржімелеу жұмыстары жүргізілуде. Әдеби аудармамен кәсіби айналысқан ақынсыз. Аударма саласындағы қазіргі жағдайға көзқарасыңыз?

– «Базарда пәлен адам бар, әркім сүйгеніне сәлем береді» деуші ме еді?... Мен өзім кейінгі кезде «Жазушылар одағы – бір төбе, мен – бір төбемін» деп айтып жүретін болдым. Өзің айтып

болып шығады. Біз әуелі өзгеге танылуды емес, өзіміздің ұлттық мүддемізді ойлауымыз керек. Қазақ оқырмандарының өресі өсіп, көркемдік танымы жетіліп, білімі толығып, кемелдене түсуі үшін қазақ тілінен өзге тілдерге емес, өзге тілдерден қазақ тіліне аударуды маңызды деп түсініп, соны қолға алғанымыз жөн.

Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың орта шенінде орыс тілінен қазақ тіліне аударатын аудармашылар қалыптасып үлгеріп еді. Бірлі-жарым ағылшын, испан, француз, неміс және түркі тілдерінен аударатын аудармашылар бар-тын. Бүгінде ол аудармашылардың санаулысы болмаса, көпшілігі бақиға аттанып кетті. Ғасырдың соңына қарай қазақ тілінен орыс тіліне жолма-жол аударма, мағыналық аударма, көркем аударма жасайтын азын-аулақ қаламгерлер пайда болды. Біз қазір қазақ әдебиетін шет тілдерге жолма-жол аударатын аудармашылар дайындап алуымыз кезек күттірмейтін мәселе деп түсінейік. Ал көркем аударманы аударылатын тілде әлденеше кітабы (өлеңдер жинағы, прозалық туындылары) жарық көрген әдебиеттің талантты өкілдерін таңдап, олар аянбай еңбек етуі үшін мемлекет тарапынан тәржімешілер қанағаттанарлық қомақты қаржы шығару керек. Яғни, қазақ ақын-жазушылары өзге ел оқырмандарына «халтурщик» болып танылмау үшін үлкен дайындық қажет екені өзінен-өзі түсінікті. Бұл – нақандық шаруа емес!

– Қазір қазақ шаршап кеткен секілді. Өз елінде, өз жерінде құқығы тапталып, сарсылып кетті. Әлеуметтік желіні ашып қалсаң, «Алла бізді ауызбіршіліктен айырмаса екен» деп ойлайсың.

де сөйткенбіз. Бірақ ақынға артында «көне үлгі» қалдыру үшін дүниеден өту керек.

Айтпақшы, сенің сұрағың «Рухани жаңғыру» жөнінде ғой. Менің ойымша, осындай Ел үшін жасалған маңызды жұмыстың ешқайсысы да нақандық шараға айналмағаны жөн. Ал «табанынан таусылған елге әдебиеттің не керегі бар?» деп түңілудің де жөні жоқ. Қазақ елінің болашақта іргелі мемлекетке айналатынына, қазақ халқының өсіп-өнетініне күмән жоқ. Қиыншылықтардың бәрі де өтеді. Абай атаң айтқандай, қаһарлы қыс артынан жайдары жаз келетініне сену керек.

– Лайым солай болғай. Бізде екі жыл сайын ақын-жазушылар мемлекеттік сыйлық үшін «ұлы жорыққа» шығады. Қызылкенірдек болады. Сізді мемсыйлыққа ұсынмайық деп ұйымдар хабарласты ма?

– Қазір мемлекеттік сыйлыққа шығармасын автордың өзі ұсынатыны ешқандай құпия емес. Әрине, олардың бәрі де Жазушылар одағының қолдауына сүйенеді. Осы мемлекеттік сыйлық біраз ақын-жазушыларымыздың бас ауруына айналғаны рас. Әжептәуір ақша ғой енді. Шамалы уақыт талғажау қылады, аздаған абырой алып береді дегендей. Осы сыйлықты ала алмадым деп ұйымдап, жүрегіне салмақ түсіріп өліп кеткендер де бар. Ал алғандарының ішінде біреулері бұл абыройға лайықты, біреулері лайықсыз. Оны, мен айтпасам да, елдің бәрі біледі. Бұл өзі әйгілі Қазан төңкерісінің 50 жылдығы қарсаңында кеңестің идеологияны терендетіп жүргізу үшін ойлап табылған шара еді. Сол жылдары мемлекеттік сыйлыққа ие болған мемуарлық шығармалардың бірінде Алаш ардақтыларын елден қалай аластағаны туралы егжей-

тегжейлі жазылса, енді бірінде әйгілі революционердің кеңес өкіметін құру жолындағы күресі суреттелетін. Тағы бір үлкен жазушы көркем шығарма жазуды қойып кеткен соң «Ой әуендері» деген мақалалары мен баяндамаларынан құрастырылған кітабына мемлекеттік сыйлық алды. Бертінерек бір драмашы ағамыз Ленин өмірі мен қызметіне арналған «Өліара» деген шығармасымен абыройға бөленсе, «Революция және мен» деген өлеңдер циклі үшін мемлекеттік сыйлық алған ақынымыз да бар. Кейін әртүрлі саланың өкілдері жасаған салалық терминологиялық сөздіктерді шығарғаны үшін мемлекеттік сыйлық алған жазушымыз да бар. Ал кейбір ақындарымыздың мемлекеттік сыйлықты қалай алғаны жөнінде мерзімді басылым беттерінде жазылды да. Мемлекеттік сыйлық алған абыройлы ағаларымыздың кейбіреуі жалғызаяқ жолдың екі

ын... Мен де талай ақынға өлең арнадым ғой. Басқа өлеңдерге карағанда арнау өлеңдердің белгілі бір тарихы болады. Ақындардың ақындарға арнап өлең жазуы ежелгі ғасырлардан келе жатқан әдемі дәстүр. Ортағасырда арабтың Абу-ль-Аля аль-Маари деген ақыны өткен. Сол кісі қайтыс болған кезде оны жоқтап 84 ақын өлең жазыпты. Орыстың ұлы ақыны М.Ю.Лермонтовтың қазасына да арнап жазылған өлеңдер қыруар. Кезінде тұтас бір кітап болып жарық көрді. Өзіміздің Төлеген Айбергеновті де қазақтың менмін деген ақындарының бәрі жоқтаған. Егер өзіне көп өлең арналып жатса, мені жоқтап жатыр екен деп ойлай бер. Бұл әзіл ғой. Ақындарға тірі күнінде де өлең арналады. Маған жиырмадан жаңа асқан шағымда Күләш Ахметова әпкем өлең арнады. Кейінірек «Жапырақ – жаздың жүрегі» атты кітабында жария-

жүр. Ақын қыздардың аты-жөнімді көрсетпей өлең арнағандарын айтпай-ақ қояйын. Ал ақын інілерімнің біразы арнайы арнау өлең жазса, біразы атымды атап жырына қосты. Олардың ешқайсысын да ұмытқан жоқпын мен. Бәріне де алғыс айтамын. Өзің білесің, ақын өлеңін өзге адамға бостан-босқа арнамайды. Онда ілттипат, ізет, құрмет т.б. қасиетті сезімдер жатады. Тіпті ақындарға арналған эпиграмма мен пародиялардың өздерінде сыни көзқараспен қатар қимастық сезімі болады.

Маған «аға» деп өлең жазған ақындардың қайсысы қазір қандай әжептәуір басшылық қызметтерді атқарып жүргенін білмеймін. Қазіргі «Жазушы» баспасының директоры Есенғали Раушанов елде жүрген кезінде «Хат» деген өлеңін маған арнап, поштамен жолдаған. Мектепті бітірген шағы-ау деймін. Үш жас үлкендігі бар маған еліктеп жүрген кезі болса керек, өлеңді жеке жинақтарына енгізген жоқ.

аудандық «Достық» газетінде «Байботаға» деп арнайы көрсетіп жариялады. Ол кезде осы газетте Есенғали қызмет істеп жүрді-ау деймін. Арнау өлеңдерге рұқсат бермейтін кезде кітабынан менің атым сызылып қалса да әжіп емес. Ал Қасымхан Бегмановтың 1990 жылы жарық көрген «Қарашық» деген кітабындағы «Ағаға сыр» атты өлең арналған «Байбота Серікбаев» деген де менмін. Ол тіпті менің туған жерімнің атын атап:

«Бастаудан нәр ап

«Талап» жақтағы,

Аптықпай жырың тараған.

Жас тауға балап қарап жатпады

Сені де «иттер» талаған»,

– деп нақтылай түседі. Бірақ, өзім көрген жоқпын, білетін біреулерден естідім, Қасымханның бұл өлеңі кейінгі кітаптарының біріне де қайта еніпті, «Байбота Серікбаевқа» деген арнауды алып тастаған көрінеді. Мүмкін оның «Ағаға сыр» атты бұл өлеңі «Талап» жақтағы бастаудан жыры нәр алған басқа бір ақынға арналған шығар... Маған өлең арнаған басқа інілерімнің қызметтері құбатөбел ғана. Уақыт адамдарды өзгертуі мүмкін. Шындығына келсек, қазір бұлардың маған деген көзқарасы қалай екені мені аса көп мазаламайды.

– Өмірде де, әдебиетте де айнымас дос бола алған жақындарыңыз туралы айтып беріңізші...

киесі бар деп білмедім.

Сағынарым сен, табынарым сен, өбектеп кейде өбесін. Томирис сынды тағына мінсең, қаһарыңды да төгесің. Махаббаттың мен зәрін ішіп ап, уылжып улы өзегім, өлетін жандай көріне ұшырап, күтемін ажал кезегін. Ғашықтық дерттің

малғұнға шерін шерткенмен ұқпас, обал-ақ.

Жатамын дәйім алдында сенің Кирге ұқсап басым домалап... Мен сенен өзге дос

таба алмадым,

жалғыздығымды ән қылдым.

Көзімнен тамып

тостағанға мұң,

қайғымен шөлді қандырдым.

– Рақмет сізге! Келесі бір сұрақ...

Жақында Мұхтар Шаханов өзін Жазушылар одағының мүшелігінен шығармақшы болғандар туралы жазды. Анық-қанығын білмеймін, бірақ, мұндай әңгімелердің шығуы одақтың имиджіне кері әсер етпей ме?

– Бұл жайсыз әңгіме Жазушылар одағынан емес, әлдебір даңғаза топтың тарапынан болды-ау деймін. Қазақстан Жазушылар одағының имиджін Қалдарбек Найманбаев пен Нұрлан Оразалиннің төрағалығы тұсында мүшелікке қабылданған әлдебір базарлық, корпорация президенті, корық директоры, әртістер емес, тап осы Мұхтар Шаханов секілді әдебиетіміздің ірі тұлғалары көтереді.

– Қазақ әдебиетінде дамымай жатқан жанрдың бірі – сын. Рас, соңғы уақытта біреуді «жерден алып, жерге салуды» сын деп қабылдайтын деңгейге түстік. Сын сын ба, ол ешкімді қызықтырмайды. Әдеби сынның канондары қандай болу керек?

– Әдеби сынның канондары әдебиетші қауымға әбден түсінікті. Мен сын жанры жайында ешқашан үнсіз қалған емеспін. Тәкен Әлімқұловтың, Зейнолла Серікқалиевтің, Төлеген Токбергеновтің, Қадыр Мырза Әлидің, Аян Нысаналының, Бақыт Сарбалаұлының, Сағат Әшімбаевтың өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдары жазылған мақалаларындағы секілді қазақ прозасы мен поэзиясы жөнінде айтылған саликалы ой-пікірлер мен терең толғамдарға толы сынды сағынып жүргенімді қайта қайта айтқанмын. Тұрсынжан Шапайдың поэзия сынына мойын бұрмай кеткені мені қатты өкіндіреді. Бірақ қазір есі дұрыс адам сын жазбайтын секілді деп түңілемін... Сын жанрының мүшкіл халі ең әуелі Қазақстан Жазушылар одағының көбірек көңіл бөлуге тиіс мәселесі болғаны жөн.

– Оқырман үшін қызық боларлық қандай әдеби басылымдар бар? Қандай әдеби басылымдарды оқисыз?

– Бар ғой, шүкір! Алматыда «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын» журналдары бар. Ақтөбеден «Адырна», Тараздан «Жамбыл», Астанадан «Әлем әдебиеті», «Ақ Жайық» журналдары шығады... «Арпа ішінде бір бидай» – балаларға арналған «Балдырған» журналы бар. «Балдырған» журналын немерелеріммен таласып қайта-қайта оқимын. Басқа басылымдарды жаздырып алмасам да, ара-тұра көріп қалып көз жүгіртіп тұрамын.

Сұхбатты жүргізген Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Қазақ үні

СЫЙЛЫҚ ШЫҒАРМАҒА ДА БЕРІЛГЕН

жағындағы жантаққа кезек-кезек мойын созатын түйе секілденіп меценаттардың тәуелсіз «Тарлан» сыйлығынан да сыбағасыз қалған жоқ. Ақшаны мен де жек көрмеймін, ол және тектен-текке берілмейтін шығар, бірақ менің шығармаларым көркемдігі жөнінен сол мемлекеттік сыйлық алған шығармалардың талайынан жоғары тұрғанына қатты қуанамын.

– Жазушылар одағының соңғы сайлауында үлкен ағаларымыз сахнаға шығып алып, қиян-кескі ұрысты бастап кеткенін көрдік. Жастарға үлгі болатын тұлғалар қалмай бара жатқан секілді боп көрінді маған сол кезде. Неге ұсақталып барады тұлғалардың өздері?..

– Пікір мен көзқарастың әртүрлілігінен шовшудың қажеті жоқ. Оның үстіне сахнаға шығып, мінбеге көтерілген кісінің бәрін бірдей тұлға деп қабылдауға тағы болмайды. Олар да өзін және мен секілді сөз ұстаған ақындар, қаламы жүйрік жазушылар. Ақын-жазушылар да адам. Біреуі туа бітті қызба, біреуі болмысынан шыдамсыз, біреуі томаға-тұйық... «Саптыаяққа сыра құйылып, сабынан қарауыл қараған» кезде ежелгі билер секілді ашуды ақылға жеңдіру де қиын. Әркімнің сүйекке сіңген мінезі бар. Жағдайға байланысты эмоцияны жасырып қалу оңай емес. Тек қазақтар да өзге халықтар секілді көпшілік алдында «балалық жасамай», қарапайым этиканы сақтауды үйренуі керек.

– Бір кездері сізге «аға» деп өлең жазған ақындар қазір әжептәуір басшылық қызметтерді атқарып отыр. Көзқарасы қалай қазір? Жоғарыдағы сауалдың жалғасы деп біліңіз... Мен аттарын атағым кеп отырған жоқ, әдейі... – Сен атамасан, мен атай-

ланды. Ол кезде арнау өлеңдердің жолы бола бермейтін. Кейін Есенбай Дүйсенбайұлы ағам да өлең арнаған. Мерзімді баспасөз бетінде де, кітаптарында да жарық көрді. Жұматай Жақыпбаевтың:

«Ол жайлы алып

әр кеште дерек,

Қуантам Еділ-Жайықты.

Адамзат болып әлпештеу керек Байбота Серікбаевты», – деген экспромты елге табан астында тарап кетті. Талай адамның ауызында

Кейін көңілінен шықпай қалған болса, не рауа. Ол өлеңде біздің жастық шағымыздың әлдебір суреттері мен ыстық ықылас жатқандықтан, өлеңді мен әйеліме тапсырғанмын. «Дидар-ғанибет. Анфас» атты мемуарлық жанрда жазылған кітабында ол бұл өлеңге орын берді. Қызылордадағы «Қоғам ТВ-ның» тізгінін ұстап отырған Шаһизада Әбдікәрімов «Қыран» деген өлеңін маған арнаған. 1979 жылы Өзбекстанның Мырзашөл



Жан-Леон Жером. «Истина, выбирающаяся из колодца»

**Зәкір АСАБАЕВ,
жазушы**

– Еркек Бекмұхамбетұлы, сәлеметсіз бе? – деймін телефон соғып. – Ауру-сырқаудан саусыз ба? Көңіл күйіңіз жақсы ма?
– Әй, сен қайда жүрсің? – деп саңқ етті. – Жоғалып кеттің ғой! – Жүрміз. Өткендегі сұхбатты жаңа жылдан бастап қайта жалғастырамыз деп едік.
– Есімде, келе бер. Әдеттегідей (әйелі жұмыста), өзі үйде екен. Есікті өзі ашты. Қимылы нық. Өңі ширақ. Көздері күлім қағады. Желсоққышты өшірді. Шам жақты. Үйреншікті орнымызға жайғастық. Маэстро әлдебір әуенге салып ыңылдайды.

– Қайсы күні түннің бір уағында Нью-Йорктен – шамасы, сонда командировкада жүрген болса керек – анау әлгі өзіміздің Мәдениет министрі болған ініміз Дүйсен Қасейінов телефон соғады. «Ереке, солай да солай, жаңа ғана Нью-Йорктің симфониялық оркестрі Алмастың фортепиано үшін жазған концертін орындады. Қазір содан шығып тұрмын, халық көп жиналды, концерт тамаша өтті, құттықтаймын», – дейді. «Дирижері кім?» – дегеніме, америкалық атакты біреуді айтты, аты-жөні есімде жоқ. Туған ұлының туындылары өз отандастары, онан соң әлем жұртшылығының қолдасына жарап жатса, қуануға болатын шығар деймін, қалай ойлайсың?

– Құтты болсын. Жақында скрипкашы Жәмилә қызыңыз «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» атанды. Ол да құтты болсын.

– А, иә, рахмет. Жәмилә туған інім, Қазақстанның Халық артисі Мұраттың перзенті ғой, бірақ менің де қызым. Фамилиямыз бір. Іншалла, ол да Серкебаевтар әулетінің бір жұлдызына айналып келеді, ұлтжандылығы қандай! Талабына нұр жауа берсін. Жәмиләны көбіне әжесі (менің анам) тәрбиелеген болатын.

– Мұраттың әйелі қазақ па?

– Біз өзі әкемнен бастап барлығымыз интернационалдық отбасы болдық қой. Мұраттың үйіндегі келінім белорус қызы. Жақында, теледидардан көрген де шығарсың, Мұрат басқаратын оркестрмен өзіміз жас кезімнен сүйікті әнім «...Небо синеені» орындадым. Менен кейін Жәмилә скрипкада ойнады.

– Ереке, өзіңіз айтқан «Шығыста бүр жарып, Батыста шешек атқан» қазақ жастарына қатысты бірер сұрақ келіп тұр қой. Өткендегі әңгімелерімізде қазақ халқы әлемге әдебиет пен өнер арқылы танылуы тиіс, сонымыздан ерген жеткіншектер бар, алда не күтсек те солардан күтеміз дегендей пікір айтып едіңіз. «Біз болмасақ сіз барсыз, үміт еткен, шырағым» деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, сол жастардың ішінде сенімнен шыға бастағандары бар ма?

– Әзірге бірдене деуге ерте. Оларды бір-бірінен бөле-жаратындай ерекшелікті байқадым дей алмаймын. Әйтеуір, шеттерінен дарынды екені даусыз. Егер «асыл пышақтың қап түбінде жатпайтыны» шын болса, бірі болмаса бірі әлі-ақ шыркуау шыңға шығып қалуы ғажап емес. Уақыт көрсетеді.

– Ендеше, мынаны айтыңызшы.



Орыстілді газеттердің бірі сол жұлдыздарға елді сағынасындар ма, қашан ораласындар деген сауал қойыпты. Оған М.Мұхамедқызы: «Қайда шақырса, сонда барып ән саламын», Т.Ержанов: «Қазақстанның азаматы емеспін», Э.Құрманғалиев: «Мен қазақпын, бітті», А.Торыбаев: «Шақырса келемін», С.Рахмедова: «Қай кырыда жүрсем де өзімді қазақпын деп сезінемін», ал сіздің ұлыңыз Алмас: «Нияттері ақ болса, бірінші шақырғанда-ақ оралуға әзірмін», – деп жауап қайырыпты. Осы пікірлерге қалай қарайсыз?

– Қалай қараймын, дұрыс қараймын. Өзің ойлашы, әрқайсысы әрелде жүрген сол кыз-жігіттердің бір-бірін іздеп тауып, атамекенге ат басын бұрулары ғажап емес пе? Байқауымша, сен оларды қара бастың камы үшін мұхит аскандар қатарына қосқың келетін сияқты. Дұрыс емес. Туған елдің кім-кімді де магниттей тартып тұратын киесі болады. Ол ешкімді де жібермейді. Өне, өздері де айтыпты ғой бірауыздан «келеміз» деп. Қазақтық қаны болмаса, Англияда тұратын М.Бисенғалиев Оралға келіп оркестр ұйымдастыра ма? Австрияда оқитын Алан Бөрібаевты Астанадағы симфониялық оркестрдің бас дирижері болды деп өздерін жазғансындар. Ал анау Теміржан Ержановтың «Қазақстанның азаматы емеспін» дегеніне шамданатын дәнеңе жоқ. Мен білемін, ол шынында да, біздің елдің азаматы емес, Мәскеуде туып-өскен. Әлде, шетелде тұратын миллиондаған қандастарымыздың бәрі Қазақстан азаматы ма? Қайта Теміржанның үйірін тауып, ата-тегің ұмытпай, қастерлеп жүргеніне бәрекезде. Алмасқа келсем, «өйт, бұйт» демеймін, өзі біледі.

– Рахмет, Ереке! Келесі сұрақ. Достарыңыз бар ма, көп пе, кімдер? Жалпы, дос дегенді қалай түсінесіз?

– Біз сенімен өмірімде

сер С.Эйзенштейн, М.Рошаль, ұлы актер Н.Черкасов, белгілі жазушы А.Толстойдан бастап көптеген мәскеулік әдебиет, өнер қайраткерлері уақытша көшіп келген-ді. Іштерінде Г.Уланова да болатын, әрине. Басқалар бірнеше отбасы боп бір үй, тіпті, бір подвалды (онда көптеген жеке меншік, барак үйлердің асты толы пәтерге лайықталған подвал болатын) мекендесе, Г.Улановаға жеке ғимарат беріпті. Айтып тұрғаны сол. «Ой, ол үй орнында, бұзылған жоқ, бұзбайды да. Көрген сайын сізді еске аламыз», – деп жатырмын. Байқап отырсың ба, Н.Завадскийдің

көрдіңіз? Балаларыңыз қанша, іштерінде сіздің жолыңызды қуғандары бар ма? Олар қазір қайда, не істейді? Барлығы да алыс, жақын шетелдерде тұрады деген рас па?

О, тоба! Аяқ астынан нілдей бұзылған Ерекең жиырыла, қабағын түйіп: «Олардың не керегі бар, ішкі мәселеге араласып қайтесің, түк те айтпаймын!», – деп шарт кетсін. «Сіздей тұлғаның ішкі болсын, сыртқы болсын өмір иірімдері қалың оқырманға қала берді өзіңізге керек, мен үшін қажеті аз» дегім келіп бір тұрдым да, тілімді тістеп, үнімді жұттым. Айтпасаңыз айтпаңыз,

Ұлы Әншінің

сол жолы Улановаға «друг мой» деп сөйлегенін. Біле білгенге, шын пейілден зор ізеттілікпен айтылған сол сөзде қаншама құрмет, нәзік сезім, терең астар жатыр. «Дос» дегеннің осындай күдіреті болады.

Ал енді осы жасыма дейін менде дос болды ма, болды, әрине. Олардың ішіндегі бір де бірегейі – жас арамызда едәуір алшақтық болғанмен – Шәкен Айманов еді. Маңдайға сыймай кетті ғой. Ойлағанда әлі күнге дейін сай сүйегім сырқырайды. Онан соңғы бір досым ұзақ жыл опера театрында дирижер болған Халық артисі Тұрғыш Османовпен жұбымыз жазылмайтын. Бірге жүріп, бірге тұрдық, арамыздан қыл өтпейтін. Ол да кетті бақиға. Мүсілім Абдуллин де кетті.

Қазір қуаныштан жабырқау басым, құлазу жиі. Мұны дұрыс ұғын. Шүкірлік ететін жайлар да жетеді. Әкемнің бірінші әйелінен туған Талдықорғандағы Ғалия апам жиі хабарласып, хал-жайымды сұрап тұрады. Таяуда осындағы органда істейтін полковник қызының үйінде бас қосып, арқа-жарқа болдық. Қыз деген мейірімді ғой, Ғалия апам мені әлі күнге сол бағығыша басымнан сипап аялайды, еркелетеді (сексендегі шалдың қалай еркелейтінін көз алдына елестете бер, ха-ха-ха!). Бұл да болса зор медеу, сүйеніш. Өзім ешкімді онша көп іздемеймін, бара бермеймін, елпілдеп-желепкеуге жоқпын. Туабітті мінезім солай болса, қайтейін. Бірақ жаным жұмсақ.

– Еркек Бекмұхамбетұлы, енді өткендегі кейін жауап беремін деген сұраққа келсек.

– Есімде жоқ. Ол не сұрақ?

– Бір сөзіңізде осы жасыма дейін төрт рет үйлендім, төрт әйелімнің әрқайсысымен өзімізше бақытты ғұмыр кештім дегенсіз. Сол некелі әйелдеріңіз хақында егжей-тегжейлі баяндасаңыз қайтеді? Олардан қанша перзент

– дедім сәлден соң. – Кейбіреуі туралы айтып қойғансыз, жазылған да. Мәселен, бірінші әйеліңіз жөнінде. Ең болмаса, соларды толықтырмайсыз ба? Жұрт барлығын өз аузыңыздан білгені дұрыс емес пе?»

Сол-ақ екен, айтуы да, қайтуы да тез жарықтық: «Ә, мейлі, айтсам айтайын», – десін бірден шөлден көлге айналып.

– Бірінші жаным қалап үйленген әйелім Тамара Ефимова. Мамандығы химик болатын, химия институтында істеген, мәдениетті, тәрбиелі жан еді. Одан Алмас, Байғали деген екі ұлымыз болды.

– Сөзіңіз аузыңызда, не үшін ажырастыңыздар?

– Не үшін болсын, дәм-тұзымыз жараспады да.

– Соны былай, тарқатыңқырап айтсаңыз қайтеді?

– Әй, өзің бір сүліктей жабысқан неме екенсің. Айтқызбасты айтқызатын болдын ақыры. Сірә, жастықтың әсері болу керек, әйтеуір, көрінеу жолдан таю, көрсеқызырлық, не кенестік жүйенің тілімен айтсақ, моральдық азғындау емес, мен бір әйелге өліп-өшіп ғашық болдым, білдің бе? Бала-шағалы екеніме қарамастан, жан-тәніммен сүйдім. Ол бар жерде өмір құлпырып, жоқ болса, қараңғы қапасаққа айналады. Көбіне үйге қонбай, түзде болуым жиі. Соны Тамара да сезіп жүрді, бірақ сыр білдірмейтін. Оған да, маған да қиын. Ақыры жанадан тапқан жан қалауыма біржолата кетуге бел будым. Киім-кешегімді арқаладым да, үй-жай, дүние-мүліктің бәрін қалдырып, соқа басым шығып жүре бердім. Қайтейін, тағдыр солай екен, өзімді тежеуге, тоқтатуға әл-дәрменім жетпеді.

– Әйеліңіз сотқа жүгініп, дау-жанжал шығарған жоқ па?

– Ойбай-ау, айтып отырған жоқпын ба бәрін соған тастадым деп. Не деп жүгінеді сотқа?! Өз басым кейбіреулердей қазан-



Біз тілге тиек еткелі отырған Жайық өзені емес. Білдей бір журналист. Аты-жөні – Жайық Нағымаш. Оның журналистік қызметін қаншалықты деңгейде атқарып жүргенін білмедік, бірақ ол өз есімін айтулы тұлғаларды ғайбаттау арқылы қалыптастырып жүргенін аңғардық. Ж.Нағымаштың әлеуметтік желідегі бір жазбасына назар аудару арқылы жалпы оның ішкі мәдениеті мен журналистік танымының қай деңгейде екендігін бағамдағандай болдық. Көпшілікке түсінікті болуы үшін айтар ойымызды басынан бастайық.

Ж.Нағымаш өзінің әлеуметтік желідегі жеке парақшасында М.Шахановтың Ш.Қалдаяқов туралы жазған «Шәмшінің ғұмырлық геометриясы» атты естелік кітабын тілі жеткенше ғайбаттап, түкке алғысыз етіп тастайды. Рас, кімге де болсын оқырманға ұсынылған шығармаға пікір білдіруіне, егер маман болса, әдеби талдау жасауына, тіпті сынауына да шектеу қойылмайды. Бірақ, біреудің енбегін тұтастай жоққа шығарып, авторын тілі жеткенше ғайбаттауға өсте жол берілмейді. Біз зайырлы мемлекетпіз. Соған орай әр жеке тұлға заңмен қорғалады. Ал сол жеке тұлғаның кәсіби маман ретінде өндіріске жіберген өнімін жоққа шығарып, оның саудадағы сұраныстық қабілетіне нұқсан келтіргендер егер зәбір көруші тарапынан заңдылық құқығының аяқ асты етілгендігі үшін құқықтық мекемелерге жүгінер болса, жеке басына және шығармасының таралу мүмкіндігіне кедергі келтіргендігі үшін жауап береді. Сондай-ақ, кітап таралуына тигізген залалы үшін шығын мөлшері де еселеп қайтарылады. Сөзіміз дәйексіз болмауы үшін нақтылы мысалға жүгінеміз.

Жайық Нағымаш өзінің Мұханның шығармасына деген көзқарасын: «ЭССЕ ЕЛЕСІНДЕГІ ҒАЙБАТТАМА немесе жүйкесі жұқалар оқуға болмайтын кітап» деп бастайды. Сосын әлгі адам жүйкесіне кері әсер ететін кітаптың атын айтып, түсін түстейді. Мынандай «жарнамадан» кейін: «Ойпырмай, ол қандай кітап болды екен?» деп бірден елең ете қаласың. «Бақсам, бақа екен» демекші, Ж.Нағымаштың таусыла айтып отырған кітабы, қазақтың біртуар азаматы Мұхтар Шахановтың Шәмші бауыры туралы жазған естелігі екен. Егер Жайық Нағымаш ол кітапты шынымен-ақ оқыса, қазақтың мақтанышына айналған

МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ КІТАБЫН ОҚУҒА ТҮЙІМ САЛҒАН КІМ?

атақты үш тұлға – Шәмші, Төлеген, Мұхтарлардың бір атаның баласындай бауыр екендігін түйсінер еді. Оны осы кітапты оқыған кез-келген оқырман білер еді.

Бірақ Жайық Нағымаш бұл кітапты оқуға бірден тыйым салады. Тыйым салғанда, адамның өн бойында елеусіз бұғып жатқан жүйке ауруының қоздырғыштары оянып кетуі мүмкіндігін оқырмандарға ескертіп, байбалам салады. Бұдан кейін ол кітапты қолына алуға кім тәуекел етсін?! Демек, кітаптың (тауардың) сатылу мүмкіндігіне тосқауыл қойылды ма, қойылды. Нарық талабы бойынша келтірілген шығын Жайық Нағымаштың қалтасынан өндірілуі тиіс.

Енді жеке тұлғаға, яғни М.Шахановқа сілтенген «шопарға» келейік. Ең бастысы – Жайық Нағымаш өз жазбасы арқылы тыныш жатқан Мұхан оппоненттерін оятып, оларға сөз алатын «мінбер» тағайындап, әрі олардың аузына келгендерін құсуға жол ашады. Олар Мұханның ақыл-есінің дұрыстығына шүбә келтіріп, М.Шахановты тілдері жеткенше балағаттайды. Олардың бұлайша сөз саптауларына негіз болып отырған, Жайық Нағымаштың жазбасы. Болмаса олардың ешқайсысы да Мұхан кітабын оқымаған. Барлық пікір Ж.Нағымаштың қалыптастырған пікірі арқылы өрістеп отыр. Демек, бұл жерде де пікір білдірушілер жауапкершілігі Ж.Нағымаштың мойнында қалады. Ал ол жауапкершіліктің заң тіліндегі аты – «моральдық шығын» деп аталады. Егер сот алдыңда жүздессек, Ж.Нағымаштың ол шығынның қанша болатындығын есептеуіне тура келеді. Сондай-ақ, биылғы жылдың 6-мамы-

